

«ӘЛЕМДІК PR: ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

БАСТЫ / ХАБАРЛАНДЫРУЛАР / «ӘЛЕМДІК PR: ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті конференцияға қатысушылар және қонақтар!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы «Біз біргеміз!» акциясы аясында студент-жастардың «Әлемдік PR: өзектілігі және келешегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияға қатысуға шақырады.

Бұл онлайн-жиынға Қазақстан мен басқа мемлекеттердің белді ғалымдары, студенттері, мемлекеттік органдар мен жеке компаниялардың қоғаммен байланыс (PR) саласында қызмет етіп жүрген кәсіби мамандары қатысады деп жоспарлануда.

Конференцияның:

- **өтетін уақыты:** 25 сәуір 2020 ж сағ.11.00-13.00 (пленарлық), сағ.15.00-17.00 (секциялық)

- **өтетін мекен-жайы:** Zoom платформасы

- ғылыми-практикалық бағыттары:

1. Дүние жүзіндегі қоғаммен байланыс (PR) саласын талдау, ақпарат алмасу;
2. Дағдарысқа қарсы PR және PR технологияның шығармашылық саладағы рөлі (өнер,әдебиет, спорт, музыка);
3. ЖОО-да PR мамандарын дайындаудың заманауи әдістері.

Конференцияның жұмыс істеу формасы: пленарлық, секциялық

Конференцияның жұмыс тілі – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Секция жұмыстарының бағыттары:

1. PR технологияның шығармашылық саладағы рөлі (өнер,әдебиет, спорт, музыка);
2. Дағдарыс PR-ның бүгінгі таңдағы өзектілігі.

Конференцияның қорытындысы бойынша электронды баспа жинағы шығарылады.

Түрлі мәселелер бойынша байланыс телефоны: 8 701-1063525. Бауыржан Сәбитұлы Иманғалиев, фил.ғыл.канд. доцент

Конференцияға мақала беру тегін. Қатысушының өтінім парағы және жазған материалдары gulnazym69@mail.ru немесе baur.iman@mail.ru электронды мекен-жайына 2020 жылдың 23 сәуіріне дейін қабылданады. Конференцияда сөз сөйлеу үшін регламент - 5 минутке дейін беріледі. Жарыссөзге - 5 минут.